



Бекітемін  
Жұмабек Ташенев атындағы  
университет ректоры  
К.О. Байболов  
2022 ж

## САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

### УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-15-22

### САЛТАНАТТЫ ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТАЫРУ

#### Алғы сөз

Әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі проректормен

ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕҢГІЗІЛДІ

1. Әзірлегендер - Әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі проректор  
Д.Ә.Әли
2. Келісілді - Оку үрдісін жоспарлау және ұйымдастыруышы  
бөлімінің басшысы: Ж.А.Нурмаганбетова  
- Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны  
басқару бөлімінің басшысы: Ж.Д. Абдуллаева
3. Жұмабек Ташенев атындағы университет Фылыми кеңесінің 31  
08 2022 № 1 мәжілісінде талқыланып макұлданды
4. Еңгізілді - 2022
5. Тексерілу мерзімі - 2024

Қызмет бабында пайдаланылатын басылым

Шымкент, 2022

Жұмабек Тащенев атындағы университет	УЕ-15-22
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі
Салтанатты шараларды ұйымдастыру	2 нұсқа 5 беттің 2-беті

## 1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

### 2. СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

1. Салтанатты шараларды ұйымдастыру регламенті Қазакстан Республикасында тұратын ұлттар мен ұлыстардың тәң құқықты өмір салты мен барлық халықтарының тарихы мен мәдениетін ескере отырып, сонымен қатар ЖОО ережесіне сәйкес білім беру жүйесінің жұмыс талаптарына орайластыра дайындалған.

2. Регламент уттағы ресми, бейресми шараларды өткізу тәртібі мен талаптарын белгілейді.

#### 1. Негізгі терминдер мен олардың анықтамалары

**Салтанатты жынын** – белгілі оқиғага арналған мерекелік іс-шара.

**Шара** – белгілі мақсатты іске асыруға бағыттала ұйымдастырылған әрекет немесе әрекеттер жынтығы.

**Конституция** – мемлекеттің негізгі заңы.

**Мереке** – белгілі оқиғаның күрметіне немесе еске алу үшін белгіленген салтанатты күн.

**Ұжым** – жалпы әрекеттен, мұдделермен біріктірілген бір топ тұлғалар.

**Концерт** – белгілі бағдарламамен музыкалы шығармаларды басқа да номерлерді көпшілік үшін орындау

**Конференция** – Университетте арнайы тақырыпта ғылыми жобалар мен ғылым саласында енбегі бар тұлғаның атына ұйымдастырылатын іс-шара.

## 3 САЛТАНАТТЫ ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТАЫРУ ТӘРТІБІ

### 3.1 Негізгі ережелер

1. Университеттің салтанатты шараларына КР Конституциясы күні, Білім күні, Тәуелсіздік күні, Жана жыл, Халықаралық әйелдер күні, Қазақстан халықтарының ынтымақтастығы күні, Женіс күні, Наурыз мерекесі, сонымен қатар ұлттық валюта күні, Қазақстан халықтарының тілдері күні, мұғалімдер күндеріне арналған салтанаттарды ұйымдастыру жатады.

2. Сонымен қатар мемлекеттік мерекелер мен кәсіби мерекелерден басқа да студенттердің тәрбие жұмыстарына арналған жоспарына сәйкес, айтулы даталарға, ресми делегацияларды қабылдауға, мектеп бітірушілерге үгіт насиҳат жұмыстары мақсатында ашық есік шаралары т.б. түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады.

3. Салтанатты шаралар оқу жылының басында тамыздың 30 күні болатын КР Конституциясы күнінен бастау алады.

30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні оқу орнының салтанатты мәжілісі өткізіледі.

Бастау сазы (фанфар) берілген соң кеш жүргізушілерінің хабарлауымен мәжіліс университет ректорының салтанатты шараны ашып, ұжымды мерекемен құттықтау сезімен басталады. КР Конституциясының тарихы, бүгіндегі замандағы тыныс-тіршілігі жайлы мәлімет беретін баяндама оқылады.

КР Президентінің 2006 жылғы 24 қантардағы «Қазақстан Республикасының рәміздері туралы» Жарғысы бойынша «Сазды білім» мамандығы студенттерінен құралған хордың орындаудын Мемлекеттік Өнүран толығымен орындалып, тақырыпқа сай, патриоттық сезімдегі әндер мен биден құрылған концерттік бағдарламамен жалғасын табады.

4. **1 қыркүйек** – Білім күні мерекесінде профессор-оқытушылар құрамы мен студенттердің, әкімшілік-шаруашылық саласындағы қызметкерлердің қатысуымен салтанатты жынын өткізіледі. Жын бастау сазымен басталып, университет басшысы

Жұмабек Ташенев атындағы университет	УЕ-15-22
Сапа менеджмент жүйесі	2 нұсқа
Салтанатты шараларды ұйымдастыру	5 беттің 3-беті

жиынды ашық деп жариялады. Бірінші курс студенттеріне «Кілт» және «Сынақ кітапшасы» символикаларын табыстаиды. Ұстаздық жолында енбегі сіңген еңбек ардагерлері, бірінші курс студенттері сөз алғы, жиынға қатысушыларды құттықтап ақ жол тілейді. Концерттік бағдарламамен жалғасады.

5. Қазан айының бірінші аптасында «Ұстаздар күні» кәсіби мерекесіне арналып салтанатты шара ұйымдастырылады. Мерекені университет басшысы ашып, құттықтау сөздерін арнайды. Откен жылғы «Үздік оқытушы» атағын жеңіп алғандар, оқу орнында бұрын жұмыс істеп, зейнеткерлікке шықкан ұстаздар, қазірде ұзақ жыл бойына ұстаздықпен шұғылданып келе жатқан кісілер арнайы орындарға отырғызылып сыйлықтар ұсынылып, қошемет көрсетіледі. Ұстаздарға түрлі жылы тілектер арналып, тәрбие, ұстаз, білім жайлы өлеңдер оқылады, такырыптық әндер орындалып, концерт беріледі.

6. 25 Қазан - Қазақстанда **Республика күні**, мемлекеттік мереке. Концерттік бағдарлама 7. «17 қараша – Дүниежүзілік студенттер күні» мерекесіне орай университеттің талантты студенттерінің күшімен концерт, көnlіді музыкамен би кештері ұйымдастырылады.

8. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесіне салтанатты мәжіліс өтеді. Мәжіліс қазак ұлт аспаптар оркестрінің орындаудағы асқақ рухты күйімен ашылып, жүргізушилердің хабарлауымен Ту ұстаған әскери киімдегі жігіттер Қазақстан Республикасының туын құрметті тұғырына орналастырады. Қазақстан Республикасының Әнұраны ойнаған соң университет басшысы ұжымды мерекемен құттықтайды. Соңан соң мінбеге проректор шақырылып, мереке қарсаңында тағайындалған сыйақылар мен сыйлықтар туралы бүйрек оқылады. Еліміздің тәуелсіздік алты жайлы мазмұнды баяндама оқылып, соңы патриоттық сезімдегі әндер мен билерден құрылған көnlіді концертпен жалғасады.

9. «Жаңа жыл мерекесі» университет ұжымына арналған мерекелік Маскарад балы (дастархан) аясында ұйымдастырылады. Алдын ала Жаңа жылдық балға арналған түрлі конкурстар ережелері жасалып таратылады. Әрбір ұжымнан ереже талаптарына сай өнерпаздар катыстырылып, маскарад киімімен сайыс өткізіледі. Тілектер айттылып, әндер орындалады. Жалпы ұжымдық би кешіне ұласады.

10. «8 наурыз – Халықаралық әйерлер күні» мерекесіне университет профессор-оқытушылар құрамы, барша қызметкерлер, студент жастардың қатысуымен салтанатты жиын өткізіледі. Жиынға университеттен зейнеткерлікке шықкан ардагер ұстаз аналар шақырылады. Арайы орынға отырғызылып қошемет көрсетіледі. Университеттің ер жігіттерінің күшімен аналарға, қыз-келіншектерге арналған әндер айттылып, өлеңдер оқылады. Аналардың енбегі, ерлігі жайлы баяндама оқылып, еңбекте озық көрсеткішке ие қыздар мен аналар, әйелдер қауымына сыйақы тағайындалып, сыйлықтар табыс етіледі. Барша әйелдер қауымына гүл сыйланады.

11. «Наурыз мерекесі» – ашық аспан аясында университет ұжымына арналған мерекелік дастархан аясында ұйымдастырылады. Алдын ала Наурыз мерекесіне арналған түрлі конкурстар ережелері жасалып таратылады. Әрбір ұжымнан ереже талаптарына сай ұлттық киіммен өнерпаздар катыстырылып, сайыс өткізіледі. Тілектер айттылып, Наурыз мерекесі, көктем туралы әндер орындалады.

Мерекелік концерт, қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрін дәріптейтін театрландырылған көріністер ұйымдастырылады. Киіз үйлер тігіліп, сахна орнатылады. Алтыбакан қойылып, айттыс өнері тамашаланады.

12. «1 мамыр - Қазақстан халықтарының ынтымақ күніне» университет ұжымының қатысуымен мерекелік іс-шара ұйымдастырылады. Әр түрлі халықтардың ұлттық киімімен құрылған көріністер қойылып, Қазақстан Республика-сының бірлігі, тыныштығы мен ынтымағы туралы әр түрлі тілде өлеңдер оқылып, мерекелік концерт қойылады.

Жұмабек Ташенев атындағы университет		ҮЕ-15-22
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	2 нұсқа
Салтанатты шараларды ұйымдастыру		5 беттің 4-беті

13. «7 мамыр – Қазақстан Республикасының отан қорғаушылар күні» мен «9 мамыр – Ұлы жеңіс күні» бірге тойланады. Екі мерекені топтастырған арнайы сценарий жасалады. Әскери ұйым өкілдері, Ауған соғысы ардагерлері, Ұлы Отан соғысы ардагерлері құрметпен шақырылып, қошемет жасалады, сыйлықтар табыс етіледі. Ұлы Жеңістің тарихы жайлы баяндама оқылады. Соғыс жылдарындағы, сұрапыл соғыс тақырыбында, жеңіс тақырыбында, айбынды әскерлер, Ұландар жайлы әндер орындалады.

14. Мемлекеттік және кәсіби мерекелерден басқа студенттерге тәрбиелік мәні бар түрлі байқаулар өткізіледі. Эстрада орындаушылар байқауы, Домбырамен күй, ән, жыр, терме орындаушылар байқауы, Көңілді тапқырлар клубы (КВН-КТК), Қыз сыны, Жігіт сұлтанды т.б. байқауларға арналып алдын ала жасалған ереже барлық ұжымға таратылып беріледі. Белгіленген мерзімге шейін өз еріктерімен қатысуға тапсырылған өтініштер жиналышп, үміткерлер іріктеуден өткізіледі. Одан өткен үміткерлермен арнайы дайындықтар жасалады. Сахна безендіріліп, алғыс хаттар, дипломдар, сыйлықтар дайындалады. Сайыста озып шыққандар байқау ережесіне сәйкес сыйлықтармен және дипломдармен маралатталады.

### **3.10 ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІН ДАЙЫНДАУ, КЕЛІСУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІ**

3.10.1. Ереже жобасы Ғылыми кеңес мәжілісінде талқыланып кеңес қаулысымен макулданады.

3.10.2 Ереже жобасына дайындаған Кадр бөлімінің басшысы және құрастырушы қол қойып және келісіледі:

- жетекші проректормен (қызмет бабына қарай);
- заңгермен

3.10.3 Ішкі тәртіп ережесі университет ректорымен бекітіледі.

3.10.4 Ішкі тәртіп ережесі университет ректорының бүйрығымен іске қосылады.

3.10.5 Ішкі тәртіп ережесі сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімінде тіркеледі. Бақылау данасы сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімінде сақталады. Жұмыс экземпляры танысу параграфында тіркеліп сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімімен жұмыс бабында пайдаланады. Тиісті құрылымдық бөлімдерге ксерокөшірме орнатылған тәртіп бойынша таратылады.

### **3.11 ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕҢГІЗУ ТӘРТІБІ**

3.11.1 Ішкі тәртіп ережесі жойылғанға дейін қызмет етеді немесе жаңасымен ауыстырылады.

3.11.2 Ішкі тәртіп ережесінің атауы өзгерген жағдайда қайта бекітіліп ауыстырылады.

3.11.3 Ішкі тәртіп ережесіне өзгерістер Кадр бөлімі нұсқауымен енгізіледі. Өзгертулер енгізу тәртібі университет ережелерін келісу және бекіту тәртібімен бірдей.

3.11.4 Ережеге енгізілген өзгертулер негізгі мәтінімен бірге сақталынады және сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөліміндегі экземплярларға енгізеді.

3.11.5 Ішкі тәртіп ережесіне жобасын дайындаған Кадр бөлімі басшысы және маманы қол қойып және келісіледі:

- жетекші проректормен (қызмет бабына қарай);
- заңгермен.

### **4. ЖАУАПКЕРШЛІК**

Университеттің ішкі тәртіп ережесі талаптарының негізділігі мен мазмұнына Кадр бөлімі басшысы жауапты.

Жұмабек Ташенев атындағы университет	УЕ-15-22
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі
Салтанатты шараларды ұйымдастыру	5 беттің 5-беті

## КЕЛІСІЛДІ

Оку үрдісін жоспарлау және ұйымдастыруышы  
бөлімінің басшысы

Ж.А.Нурмаганбетова

Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және  
сапаны басқару бөлімінің басшысы

Ж.Д. Абдуллаева